

2025-2026 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтің атқарылған жұмыстары бойынша жылдық есебі

Оқу орны: «Сәуле ауылының Ш.Әлжанов атындағы ЖОББМ» КММ

Әлеуметтік педагог: Сатыбалдинова Р.Ж

Мақсаты: Білім алушылардың әлеуметтік құқықтарын қорғау, қолайлы психологиялық-әлеуметтік орта қалыптастыру, отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайту, оқушылардың толыққанды дамуына жағдай жасау.

1. Негізгі міндеті.

Оқу жылының барысында әлеуметтік педагог жұмысы оқушылардың әлеуметтік жағдайын анықтау, қолдау көрсету, отбасымен жұмыс жүргізу, құқық бұзушылықтың алдын алу және мектеп ішіндегі әлеуметтік жағдайды жақсарту.

2. Оқушылар туралы жалпы мәлімет.

Жалпы оқушылар саны: 1-11 сынып 60 бала, МАД 4 бала. (64)

Көпбалалы отбасынан: 12

Толық емес отбасы: 3

Аз қамтылған отбасы: 6

Тәуекел тобы: 2

Мектепшілік бақылауда: 4

Тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушылар саны: 21

3. Негізгі атқарылған жұмыстар

Әлеуметтік диагностика

Оқушылардың әлеуметтік жағдайы зерттелді

Отбасы жағдайына мониторинг жүргізілді

Сауалнама және бақылау жұмыстары атқарылды

Кеңес беру жұмысы

Оқушыларға жеке кеңес берілді

Ата-аналармен жеке әңгімелер жүргізілді

Сынып жетекшілермен бірлескен жұмыс атқарылды

Профилактикалық жұмыс

Буллингтің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді

Құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары өткізілді

Тәртіп пен мінез-құлықты бақылау жұмыстары жүргізілді

Құжаттық жұмыс

Әлеуметтік паспорт жаңартылды

Оқушылар тізімі нақтыланды

Анықтамалар мен актілер толтырылды

Ұсыныстар

«Тәуекел тобындағы» оқушылармен жұмысты көбейту

Ата-аналармен байланысты арттыру

Психологиялық қолдау жұмыстарын жүйелеу

«Тәуекел тобымен» (зона риска) жұмыс

Тәртібі қиын оқушылармен жеке жұмыс жүргізілді

Психологпен бірлескен әңгімелер

Сабаққа қатысуын бақылау

Ата-анасымен байланыс орнату

Нәтижелер

Оқушылардың әлеуметтік жағдайы толық анықталды

Тәртіп бұзушылық жағдайлары азайды, бақылауға алынды

Қиын жағдайдағы оқушыларға қолдау көрсетілді

Ата-анамен байланыс нығайды

1-тоқсан бойынша мәтіндік есеп

2025-2026 оқу жылының 1-тоқсанында, әлеуметтік педагогтің жоспары құрылып, педагогикалық кеңестерге қаралып, директормен бекітілді. Оқушылардың жағдайын анықтау мақсатында әлеуметтік диагностика жүргізілді. Мектеп асханасында арендатор есебінен тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың тізімі құрылды. Көпбалалы, аз қамтылған, толық емес отбасынан шыққан оқушылардың тізімі нақтыланды. «Тәуекел тобына» жататын оқушылар анықталып, олармен жеке жұмыс жүргізілді. Ата-аналармен байланыс орнатылып түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды.

Ата-аналар жиналысы ұйымдастырылып, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жайлы ақпарат түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жиналыста әлеуметтік педагог пен мектеп тәлімгері Нұртазина А.Ж оқушылардың ата-аналардан жиналған пікірлер негізінде құрастырылды.

Ата-аналарға арнайы карточкалар таратылып, мектептің ұнайтын және ұнамайтын тұстарын өз ойларын жазды



Оқушылардың құқықтарын қорғау, әлеуметтік жағдайын бақылау, буллингтің алдын алу және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру бағытында жұмыстар атқарылды.

1-тоқсан барысында 5-11 сынып оқушылары арасында буллингтің таралу деңгейін анықтау мақсатында Дэн Олвейстің буллинг сауалнамасы алынды.

Сауалнамаға 35 оқушы қатысты.

Нәтижесінде:

31 оқушыда (**88,5%**) буллинг белгілері анық байқалмады

4 оқушыда (11,4%) эпизодтық орташа деңгей анықталды

Жүйелі буллинг жағдайлары тіркелген жоқ.

Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылармен жеке және топтық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сынып жетекшілеріне ұсыныстар беріліп, ата-аналармен профилактикалық әңгімелер жүргізілді.

2-тоқсан бойынша мәтіндік есеп

2-тоқсанда әлеуметтік педагогикалық жұмыс жоспарға сәйкес жалғастырылды. Оқушылардың әлеуметтік жағдайы қайта зерделеніп, мәліметтер жаңартылды. Тәртібі қиын оқушылармен жеке әңгімелер жүргізілді. Ата-аналармен кеңес беру жұмыстары ұйымдастырылды. Мектеп психологымен бірлескен жұмыстар атқарылды. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндіру шаралары өткізілді.

Қараша айында жоспар бойынша «Буллинг» атты 7-сыныптардан лекциялық сабақ оқытылды.

12 желтоқсан күні Біржан сал ауданы Білім бөлімінің бас маманы және прокурор жасөспірімдердің ісі бойынша және құқықтық тәрбиені қалыптастыру мақсатында 7-11 сыныптар мен профилактикалық жұмыстар жүргізіліп, түсіндіру шаралары өткізілді.

15-20 минуттық әлеуметтік педагогтің қатысуымен шағын тренинг өткізілді.



Жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен Жаңа жылға орай тегін ыстық тамақпен тамақтанатын 19 балаға кулек түрінде әлеуметтік көмек көрсетіліп, көмекті әлеуметтік педагог таратты





2 тоқсанның аяқталуына байланысты Өрт қауіпсіздігі бойынша жұмыстар жүргізіліп, тиісті құжаттарға қол қойылды. Барлық талаптар сақталды және бақылау үстінде.


3-тоқсан бойынша мәтіндік есеп

3-тоқсанда барысында әлеуметтік мәртебесі анықталған оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді. Аз қамтылған, көпбалалы, толық емес отбасынан шыққан оқушылардың тұрмыстық жағдайы зерделенді. Қажетті құжаттар жаңартылып, мәліметтер базасы толықтырылды.

Әлеуметтік педагогтің жұмысы жүйелі түрде жүргізілді. Оқушылардың сабаққа қатысуы мен тәртібі бақылауда болды.

«Тәуекел тобына» жататын оқушалармен профилактикалық жұмыс жасалды. Сынып жетекшілермен бірлесіп әлеуметтік мониторинг жүргізілді.

Оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуы «Алақан» жүйесі арқылы күнделікті тіркеліп, олардың тамақтануға толық қатысуларын әлеуметтік педагог толығымен бақылауға алды.



Бірінші ауысымдағы 1-сынып оқушылары және СУСН арқылы 16 бала тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп отыр. Сонымен қатар екінші ауысымдағы 2-4 сынып оқушылары «Алақан жүйесі» арқылы бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Оқушылардың асханаға қатысуы мен тамақтануы «Алақан жүйесі» арқылы күнделікті тіркеліп, олардың толық қамтылуы тұрақты әлеуметтік педагогтің бақылауында.

Тегін ыстық тамақтың бір реттік құны 1-4 сыныптарда (20 оқушы) 725 теңгені, ал 5-11 сыныптарда (16 оқушы) 850 теңгені құрайды.

Ақпан айында «Мектепте бопсалаудың» алдын алу мақсатында 5-11 сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесінде оқушылар арасында бопсалау факторы анықталмай, жалпы жағдайдың тұрақты екені байқалды.



Сонымен қатар, оқушылар арасындағы буллингтің алдын алу мақсатында мектепте профилактикалық түсіндіру жұмыстары, сауалнамалар алынды. Буллингтің алдын алу мақсатында сауалнама нәтижелері психологпен бірге талданып, қажет болған жағдайда жеке кеңестер берілді.



Сонымен қатар әлеуметтік педагог пен психолог бірлесе отырып, оқушыларға ақпараттық әңгімелер, тренингтар және психологиялық қолдау шаралары ұйымдастырылды.

Жалпы алғанда, 3-тоқсанда жоспарланған жұмыстар толық орындалды. Алдағы уақытта да оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытындағы жұмыстар жалғасын табады.

3- тоқсанның аяқталуына және оқушылардың демалысқа шығуына байланысты, жол жүру ережелерін сақтау мен мектепке келу және кету кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселері ата-аналарға түсіндірілді. Барлық ата-аналар балалардың қауіпсіздігі мен тәртібі үшін толық жауапкершілік алғанын растау мақсатында қол қойылды.

4-тоқсан бойынша мәтіндік есеп

4-тоқсанда әлеуметтік педагогикалық жұмыс оқу жылының қорытынды кезеңіне сәйкес жүргізілді. Оқушылардың әлеуметтік жағдайы қорытындыланып, жылдық есепке қажетті мәліметтер жиналды. Тәуекел тобындағы оқушылармен қорытынды жұмыс жүргізілді. Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жыл бойы жұмысқа талдау жасалып, келесі оқу жылына ұсыныстар берілді.

Сонымен қатар буллингтің алдын алу және мектептегі психологиялық жағдайды анықтау мақсатында 5-11 сынып оқушылары арасында

Дэн Олвейтің буллинг сауалнамасы алынды.

Сауалнамаға жалпы 40 оқушы қатысты.

Қорытынды нәтижесінде

0-1 балл көрсеткіші бойынша 40 оқушы (100%) анықталып, буллингтің айқын белгілері тіркелмеді.

0-2 1-3 балл айқын орташа (эпизодтық) және 3-4 балл айқын тұрақты, жүйелі) көрсеткіші анықталған жоқ.

Сауалнамаға оқушылар толық қатысып, нәтижесінде оқушылар арасында жүйелі буллинг жағдайлары анықталған жоқ. Оқушылардың басым бөлігінде өзара сыйластық пен жағымды қарым-қатынас қалыптасқаны байқалды.

Сауалнама қорытындысы бойынша мектептегі психологиялық-педагогикалық жағдай тұрақты және қолайлы деңгейде екені анықталды. Буллингтің алдын алу бағытындағы профилактикалық жұмыстар өз нәтижесін көрсетті.

Жыл бойы әлеуметтік педагогикалық жұмыс жоспарға сәйкес орындалды. Оқушылардың әлеуметтік жағдайы бақылауда болды. Қиын жағдайдағы балаларға қолдау көрсетілді.

Мектеп, ата-ана және оқушы арасындағы байланыс нығайтылды.